Периндоприл ангиотензин өзгертетін фермент (АӨФ) тежегіштері деп аталатын препараттар класына жатады. Оның әсері қан тамырларының кеңеюіне, шеткері артериялар кедергісінің төмендеуіне, миокард (жүрек бұлшықеті) жұмысының жақсаруына және жүрек жүктемесінің төмендеуіне әкеледі.

Индапамид пен периндоприл аргининді бір мезгілде қабылдау олардың әрқайсысының артериялық қысымға әсерін күшейтеді.

Қолданылуы

Нолипрел® Аргинин препараты ересектерде қолдануға арналған:

- эссенциальді гипертензияны емдеуге;
- артериялық гипертензиясы және 2 типті қант диабеті бар пациенттерде микротамырлық асқынулардың (бүйрек тарапынан) және жүрек-қантамырлар аурулары кезінде макротамырлық асқынулардың даму қаупін азайту үшін.

Егер жақсару болмаса немесе Сіз нашарлауды сезсеңіз, дәрігермен кеңесуіңіз қажет.

2. Нолипрел® Аргинин препаратын қабылдар алдында нені білу керек

Қолдануға болмайтын жағдайлар

Нолипрел® Аргинин препаратын қабылдамаңыз:

- егер Сізде индапамидке немесе кез келген басқа сульфонамидке, периндоприлге немесе кез келген басқа АӨФ тежегішіне немесе осы препараттың кез келген басқа компоненттеріне (қосымша парақтың 6 бөлімінде көрсетілген) аллергия болса,
- егер Сізде бұрын басқа АӨФ тежегіштерін қабылдаған кезде ысылдап тыныс алу, беттің немесе тілдің ісінуі, қатты қышу немесе ауыр тері бөртпесі сияқты симптомдар пайда болса немесе Сіздің туыстарыңыздың бірінде қандай да бір жағдайларда мынадай симптомдар (ангионевроздық ісіну деп аталаты жай-күй) байқалса,
- егер сіз құрамында алискирен бар артериялық қысымды төмендететін препарат қабылдасаңыз және Сізде қант диабеті немесе бүйрек функциясының бұзылуы болса,
- егер Сізде қант диабетімен байланысты бүйрек функциясының бұзылуы болса және ангиотензин II рецепторларының блокаторларын қабылдап жүрсеңіз,
- егер Сізде ауыр бауыр ауруы немесе бауыр энцефалопатиясы болса (бауыр жеткіліксіздігі нәтижесінде ми функциясының ықтимал қайтымды бұзылуы),
- егер Сізде бүйрек артериясының стенозын қамтуы мүмкін ауыр бүйрек ауруы болса (бүйрекке келетін қан ағымының төмендеуі),
- егер Сізде диализ немесе қан сүзілуінің кез келген басқа түрі жүргізілетін болса. Пайдаланылатын жабдыққа байланысты Нолипрел® Аргинин Сізге сәйкес келетін препарат болмауы мүмкін,
- егер Сізде қандағы калий деңгейі төмен болса,
- егер Сізде емделмеген декомпенсацияланған жүрек жеткіліксіздігіне (организмде судың айқын іркілуі, тыныс алудың қиындауы) күмән болса,
- егер Сіз жүрек ырғағының өзгертуге қабілетті препараттарды қабылдап жүрсеңіз («Басқа препараттар және Нолипрел® Аргинин препараты» шағын бөлімін қараңыз),
- егер Сіз жүкті болсаңыз немесе жүктілікті жоспарлап жүрсеңіз («Жүктілік және бала емізу» шағын бөлімін қараңыз),
- егер Сіз валсартан + сакубитрил біріктірілімін немесе қабылдап жүрсеңіз
- ангионевроздық ісіну (жұтыну немесе тыныс алу қиындықтарымен қатар жүруі мүмкін бет, ерін, ауыз, тіл және тамақтың тез дамып келе жатқан ісінуі) даму қаупінің жоғарылауына байланысты жүрек жеткіліксіздігін емдеу үшін қолданылатын препарат қабылдаған болсаңыз («Айрықша нұсқаулар мен сақтандыру шаралары» және «Басқа препараттар және Нолипрел® Аргинин препараты» шағын бөлімдерін қараңыз).

Айрықша нұсқаулар мен сақтандыру шаралары

Нолипрел® Аргинин препаратын қабылдар алдында емдеуші дәрігермен немесе дәріхана қызметкерімен кеңесіңіз:

- егер Сізде аорта стенозы (жүректен келетін негізгі қан тамырларының тарылуы), гипертрофиялық кардиомиопатия (жүрек бұлшықетінің ауруы) немесе бүйрек артериясының стенозы (бүйректі қанмен қамтамасыз ететін артерияның тарылуы) болса,
- егер Сізде жүрек жеткіліксіздігі немесе басқа жүрек ауруы болса,
- егер Сізде бүйрек ауруы болса немесе Сізге диализ жасалса,
- егер Сізде бұлшықеттің ауыруы, ауырсыну, әлсіздік немесе бұлшықет түйілуі сияқты бұлшықет бұзылыстары болса,
- егер Сізде қандағы альдостерон гормонының деңгейі қалыптан тыс жоғарыласа (бастапқы гиперальдостеронизм),
- егер Сізде бауыр функциясының бұзылуы болса,
- егер Сізде жүйелі қызыл жегі немесе склеродермия сияқты дәнекер тіннің жүйелік ауруы (дәнекер тінінің зақымдалуымен сипатталатын аурулар тобы) болса,
- егер Сізде атеросклероз болса (артерия қабырғаларында олардың саңылауын тарылтатын атеросклероздық түйіндік түзілуі),
- егер Сізде гиперпаратиреоз болса (қалқанша маңы безі функциясының жоғарылауы),
- егер Сізде подагра болса (гиперурикемиямен ауыратын пациенттер),
- егер Сізде гиперкалиемия болса (плазмадағы калий мөлшерінің жоғарылауы),
- егер Сізде гипонатриемия болса (плазмадағы натрий мөлшерінің төмендеуі),
- егер Сізде қант диабеті болса,
- егер Сіз тұзы аз диетаны ұстанатын болсаңыз немесе құрамында калий бар тұз алмастырғыштарды қабылдап жүрсеңіз,
- егер Сіз литий немесе калий жинақтайтын препараттарды (спиронолактон, триамтерен) немесе калий қоспаларын қабылдап жүрсеңіз, оларды Нолипрел® Аргинин препаратымен бір мезгілде қабылдамаған жөн (қараңыз «Басқа препараттар және Нолипрел® Аргинин препараты» қараңыз),
- егер Сіз аллопуринолды, цитостатиктерді (онкологиялық ауруларды емдеуге арналған препараттар) немесе иммуносупрессанттарды қабылдап жүрсеңіз немесе прокаинамидпен ем алып жүрсеңіз (жүрек ырғағының бұзылуын емдеуге арналған препарат),
- егер сіз алтын препараттарымен емделіп жүрсеңіз, қабынуға қарсы стероидты емес препараттарды (КҚСП), баклофенді, кортикостероидтарды, неприлизин тежегіштерін, электрокардиограммада (ЭКГ) QT аралығының ұзаруын тудыруы мүмкін препараттарды, жүрек гликозидтерін, жүрек ырғағының өмірге қауіп төндіретін бұзылуын («пируэт» типті полиморфты қарыншалық тахикардия) тудыруы мүмкін препараттарды қабылдап жүрсеңіз,
- егер Сізге сүйек кемігі қан түзілуінің бәсеңдеуі диагнозы қойылса;
- Егер Сіз егде жастағы кісі болсаңыз,
- егер Сізде цереброваскулярлық ауру болса (ми тамырлары тарапынан бұзылуы),
- егер Сізде реноваскулярлық гипертензия болса,
- егер Сізде артериялық қысым саны (АК) тұрақсыз болса (қан қысымының тұрақсыз жоғарылауы),
- егер Сізде фотосезімталдық реакциялары байқалса,
- егер Сіздің анамнезде пенициллинге аллергиялық реакцияңыз болса,
- егер Сіз көру қабілетінің төмендеуін немесе көздің ауыруын сезінсеңіз. Бұл көздің тамырлы қабатында сұйықтық жиналуының симптомдары болуы мүмкін (хориоидальді жалқық) немесе көзішілік қысымның жоғарылауы болуы мүмкін, бұл Нолипрел® Аргинин препаратын қабылдағаннан кейін бірнеше сағат немесе апта ішінде пайда болады. Егер емделмеген болса, бұл көру қабілетінің тұрақты жоғалуына әкелуі ықтимал. Егер Сізде бұрын пенициллинге немесе сульфонамидтерге аллергиялық реакция болған болса, Сізде хориоидальді жалқықтың даму қаупі жоғары болуы мүмкін,

- егер Сізде беттің, еріннің, ауыздың, тілдің және тамақтың ісінуімен ауыр аллергиялық реакциялар байқалса, олар жұтыну немесе тыныс алу қиындықтарымен (ангионевроздық ісіну) қатар жүруі мүмкін. Бұл емдеу кезінде кез келген уақытта пайда болуы ықтимал. Егер Сізде осындай симптомдар пайда болса, **Сіз емдеуді тоқтатып, дереу дәрігерге қаралуыңыз керек.**
- егер Сіз жоғары артериялық қысымды емдеу үшін пайдаланылатын төмендегі препараттардың қайсын болсын қабылдап жүрсеңіз:
 - ангиотензин II рецепторларының блокаторлары (сартандар ретінде де таныс - мысалы, валсартан, ирбесартан, телмисартан), әсіресе Сізде қант диабетімен байланысты бүйрек проблемалары болса,
 - алискирен.
 Сіздің дәрігеріңіз бүйрек функциясын, артериялық қысымды және қандағы электролиттерді (мысалы, калий) үнемі бақылап отыра алады. Сондай-ақ, «Қолдануға болмайтын жағдай» бөлімінде берілген ақпаратты қараңыз.
- егер Сіз қара нәсілге жатсаңыз, өйткені сізде ангионевроздық ісінудің даму қаупі жоғары болуы ықтимал, сонымен қатар бұл препараттың басқа нәсіл пациенттерімен салыстырғанда артериялық қысымды төмендетуде тиімділігі аздау болуы мүмкін,
- егер Сіз өткізгіштігі жоғары жарғақшалармен диализ өтіп жүрсеңіз,
- егер Сіз төмендегі препараттардың кез келгенін қабылдап жүрсеңіз, ангионевроздық ісінудің даму қаупі артуы мүмкін:
 - рацекадотрил (диареяны емдеу үшін пайдаланылады),
 - сиролimus, эверолимус, темсиролimus және mTOR тежегіштері деп аталатын класқа жататын басқа препараттар (ауыстырып салынған ағзаларды қабылдамау және онкологиялық ауруларды емдеу үшін пайдаланылады),
 - созылмалы жүрек жеткіліксіздігін емдеу үшін қолданылатын сакубитрил (валсартанмен белгіленген біріктірілімде шығарылады),
 - глиптиндер деп аталатын класқа жататын линаглиптин, саксаглиптин, ситаглиптин, вилдаглиптин және басқа препараттар (қант диабетін емдеу үшін пайдаланылады).

Ангиневроздық ісіну

Ангиневроздық ісіну жағдайлары (беттің, еріннің, тілдің немесе тамақтың ісінуімен ауыр аллергиялық реакция, жұтыну немесе тыныс алу қиындықтары) АӨФ тежегіштерін, соның ішінде Нолипрел® Аргинин қабылдаған пациенттерде байқалды. Бұл реакциялар ем кезінде кез келген уақытта болуы мүмкін. Егер Сізде осы симптомдар пайда болса, Сіз **Нолипрел® Аргинин препаратын қабылдауды дереу тоқтатып, дәрігерге қаралуыңыз керек.** 4 бөлімін де қараңыз.

Егер Сіз жүктімін деп ойласаңыз (немесе жүктілікті жоспарлап жүрсеңіз) дәрігерге айтуыңыз керек. Нолипрел® Аргинин жүктілік кезінде қабылданбауы тиіс, себебі бұл балаға ауыр зиян келтіруі мүмкін («Жүктілік және бала емізу» шағын бөлімін қараңыз). *Сіз Нолипрел® Аргинин қабылдаған кезде Сіз емдеуші дәрігеріңізге немесе медициналық қызметкерлерге келесі жағдайлар туралы хабарлауыңыз керек:*

- егер Сізде анестезия және/немесе ауыр хирургиялық операция болатын болса,
- егер Сізде жақында диарея, құсу немесе организмнің сусыздануы болса,
- егер Сізге диализ немесе тығыздығы төмен липопротеиндер аферезін жасау қажет болса (холестеринді қаннан аппараттық жолмен шығару),
- егер Сіз ара немесе жабайы араның шағуына аллергиялық реакцияларды азайтуы тиіс десенсибилизациядан өтіп жатсаңыз

- егер Сіз құрамында йод бар рентгеноконтрастылы заттар (бүйрек немесе асқазан сияқты ішкі ағзаларды рентген сәулелерімен тексеруге мүмкіндік беретін заттар) енгізу қажет етілетін медициналық тексеруден өтіп жүрсеңіз,
- егер Сіз Нолипрел® Аргинин препаратын қолданған кезде бір немесе екі көзіңізде көру қабілетінің өзгеруі немесе ауыруы білінсе. Бұл глаукома дамуының, көз (екі көз) қысымы жоғарылауының белгісі болуы мүмкін. Сіз Нолипрел® Аргинин препаратын қабылдауды тоқтатып, дәрігерге қаралуыңыз керек.

Спортшылар Нолипрел® Аргинин препаратының құрамында допинг - бақылау жүргізу кезінде оң реакция беруі мүмкін әсер етуші зат (индапамид) бар екенін білуі тиіс.

Балалар мен жасөспірімдер

Препаратты 0-ден 18 жасқа дейінгі балалар мен жасөспірімдерге бермеңіз, себебі Нолипрел® Аргинин препаратының тиімділігі мен қауіпсіздігі туралы деректер жоқ.

Басқа препараттар және Нолипрел® Аргинин препараты

Емдеуші дәрігерге немесе дәріхана қызметкеріне не қабылдайтыңызды, жақында не қабылдағаныңызды немесе басқа дәрілік препараттар қабылдауды бастауыңыз мүмкін екенін айтыңыз. Нолипрел® Аргинин препаратын келесі препараттармен бір мезгілде қабылдаудан аулақ болыңыз:

- литий препараттары (манияны немесе депрессияны емдеу үшін пайдаланылады),
- алискирен (жоғары артериялық қысымды емдеуге арналған препарат), егер Сізде қант диабеті немесе бүйрек функциясының бұзылуы болмаса,
- калий жинақтайтын диуретиктер (мысалы, триамтерен, спиронолактон, амилорид), калий тұздары, сондай-ақ организмдегі калий мөлшерін арттыратын басқа препараттар (мысалы, гепарин, тромб түзілуінің алдын алу үшін пайдаланылатын препарат және бактериялық инфекцияларды емдеуге арналған сульфаметоксазол + триметоприм ретінде белгілі ко-тримоксазол),
- эстрамустин (онкологиялық жаңа түзілімдерді емдеуде қолданылады),
- жоғары артериялық қысымды емдеуге арналған басқа препараттар: ангиотензин өзгертуші фермент тежегіштері және ангиотензин II рецепторларының блокаторлары.

Нолипрел® Аргинин препаратымен емдеуге басқа препараттарды қабылдау әсер етуі мүмкін. Сіздің дәрігеріңіз дозаны өзгертуі және/немесе басқа сақтық шараларын қолдануы мүмкін. Егер Сіз келесі препараттарды қабылдап жүрсеңіз, емдеуші дәрігеріңізге міндетті түрде хабарлаңыз, өйткені оларды қабылдаған кезде өте сақ болу керек:

- жоғары артериялық қысымды емдеуде пайдаланылатын препараттар, соның ішінде ангиотензин II рецепторларының блокаторлары немесе алискиренді қоса (сонымен қатар «Қолдануға болмайтын жағдайлар» және «Айрықша нұсқаулар және сақтық шаралары» бөлімдерінде келтірілген ақпаратты қараңыз) немесе диуретиктер (бүйрек шығаратын несеп көлемін арттыратын препараттар),
- жүрек жеткіліксіздігін емдеуде қолданылатын калий жинақтайтын препараттар: эплеренон және спиронолактон күніне 12,5-тен 50 мг/ дейінгі дозада,
- диареяны емдеу үшін жиі пайдаланылатын препараттар (рацекадотрил) немесе трансплантацияланған ағзалардан бас тартудың алдын алу үшін (сиролимус, эверолимус, темсиролимус және mTOR тежегіштері деп аталатын басқа препараттар). «Айрықша нұсқаулар мен сақтандыру шаралары» бөлімін қараңыз.

- валсартан + сакубитрил біріктірілімі (созылмалы жүрек жеткіліксіздігін емдеу үшін қолданылады). «Қолдануға болмайтын жағдайлар» және «Айрықша нұсқаулар мен сақтандыру шаралары» бөлімдерін қараңыз.
- анестезия жүргізуге арналған препараттар,
- құрамында йод бар рентгеноконтрастылы заттар,
- бактериялық инфекцияларды емдеу үшін пайдаланылатын антибиотиктер (мысалы, вена ішіне енгізгенде моксифлоксацин, спарфлоксацин, эритромицин),
- метадон (нашақорлықты емдеу үшін),
- прокаинамид (жүрек аритмиясын емдеу үшін),
- аллопуринол (подаграны емдеу үшін),
- сенна қызбасы сияқты аллергиялық реакцияларды емдеуге арналған антигистаминдік препараттар (мысалы, мизоластин, терфенадин немесе астемизол),
- әртүрлі ауруларды, соның ішінде ауыр бронх демікпесін және ревматоидты артритті емдеу үшін пайдаланылатын кортикостероидтар,
- аутоиммундық бұзылуларды емдеу үшін немесе трансплантациялық операциядан кейін қабылдамай ажыраудың алдын алу үшін пайдаланылатын иммуносупрессанттар (мысалы, циклоспорин, такролимус),
- галофантрин (безгектің кейбір түрлерін емдеу үшін пайдаланылады),
- пентамидин (пневмонияны емдеу үшін пайдаланылады),
- натрий ауротиомалаты (алтынның инъекциялық препараты) (ревматоидты полиартритті емдеу үшін пайдаланылады),
- винкамин вена ішіне енгізген кезде (когнитивті бұзылуларды, соның ішінде жадыны жоғалтуды қоса, егде жастағы пациенттерде симптоматикалық емдеу үшін пайдаланылады),
- бепридил (кернеулі стенокардияны емдеу үшін пайдаланылады),
- жүрек ырғағы бұзылуларын емдеуге тағайындалатын препараттар (мысалы, хинидин, гидрохинидин, дизопирамид, амиодарон, соталол, дофетилид, ибутилид, цифилис, бретилий),
- цизаприд, дифеманил (асқазан-ішек жолдарының бұзылыстарын емдеу үшін пайдаланылады),
- дигоксин немесе басқа жүрек гликозидтері (жүрек ауруларын емдеу үшін),
- баклофен (шашыранды склероз сияқты ауруларда пайда болатын бұлшықет сіресуін емдеу үшін),
- инсулин, метформин немесе глиптиндер (линаглиптин, саксаглиптин, ситаглиптин, вилдаглиптин) сияқты қант диабетін емдеуге арналған препараттар,
- кальций, оның ішінде кальций қоспалары,
- стимуляциялайтын іш жүргізетін дәрілер (мысалы, сенна),
- қабынуға қарсы стероидты емес препараттар (мысалы, ибупрофен) немесе салицилаттардың жоғары дозалары (мысалы, ацетилсалицил қышқылы (бұл зат ауырсынуды жеңілдету және температураны төмендету және тромб түзілуін болдырмау үшін пайдаланылатын көптеген препараттарда болады))
- амфотерицин В инъекциялық түрінде (ауыр зек ауруларын емдеу үшін),
- депрессия, үрей, шизофрения және т. б. сияқты психикалық бұзылуларды емдеуге пайдаланылатын препараттар (мысалы, трициклді антидепрессанттар, психозды емдеуге арналған нейролептиктер, (мысалы, амисульприд, сульпирид, сультоприд, тиаприд, галоперидол, дроперидол),
- тетракозактид (Крон ауруын емдеу үшін),
- триметоприм (инфекцияны емдеу үшін),
- тамыр кеңейтетін препараттар, нитраттарды қоса (қантамырларының кеңеюін тудыратын препараттар),

- төмен артериялық қысымды, шокты немесе демікпені емдеу үшін пайдаланылатын препараттар (мысалы, эфедрин, норадреналин немесе адреналин).

Жүктілік және бала емізу

Егер Сіз жүкті болсаңыз немесе бала емізіп жүрсеңіз, жүкті болдым деп ойласаңыз немесе жүктілікті жоспарлаған болсаңыз, препаратты қолданар алдында емдеуші дәрігермен немесе дәріхана қызметкерімен кеңесіңіз.

Жүктілік

Егер Сіз жүктімін деп ойласаңыз (немесе жүкті болуыңыз мүмкін болса) емдеуші дәрігеріңізге хабарлауыңыз керек. Әдетте, дәрігер Сізге Нолипрел® Аргинин препаратын жүктілікке дейін немесе Сіз жүкті екеніңізді білген бойда қабылдауды тоқтатуға кеңес береді. Дәрігер Сізге Нолипрел® Аргинин препаратының орнына басқа препарат қабылдауға кеңес береді. Нолипрел® Аргинин препаратын жүктілік кезінде қолдануға болмайды, себебі оны қабылдау баланың денсаулығына елеулі зиян келтіруі мүмкін.

Бала емізу

Нолипрел® Аргинин және бала емізу кезеңінде ұсынылмайды.

Бала емізіп жүрсеңіз немесе бала емізуді жоспарлап отырғаныңыз туралы дереу өз дәрігеріңізге хабарлаңыз.

Дереу өз емдеуші дәрігеріңізбен хабарласыңыз.

Көлік құралдарын басқару және механизмдермен жұмыс істеу

Нолипрел® Аргинин реакция жылдамдығына әсер етпейді, бірақ кейбір пациенттерде артериялық қысымның төмендеуіне байланысты әртүрлі реакциялар, мысалы, бас айналу немесе әлсіздік пайда болуы мүмкін. Нәтижесінде көлік құралдарын немесе басқа механизмдерді басқару қабілеті бұзылуы мүмкін.

Нолипрел® Аргинин препараты құрамында лактоза моногидраты бар

Егер Сізде кейбір қант түрлерінің жақпаушылығы болса, осы препаратты қабылдағанға дейін емдеуші дәрігеріңізбен кеңесіңіз.

Нолипрел® Аргинин препаратының құрамында натрий бар

Бұл препараттың бір таблеткасында 1 ммольден (23 мг) аз натрий бар, яғни оның құрамында натрий жоқ деуге болады.

3. Нолипрел® Аргинин препаратын қабылдау

Нолипрел® Аргинин препаратын әрдайым емдеуші дәрігердің немесе дәріхана қызметкерінің ұсыныстарына сәйкес қабылдаңыз. Күмән болған жағдайда емдеуші дәрігермен немесе дәріхана қызметкерімен кеңесіңіз.

Ұсынылатын доза

Ұсынылатын доза: тәулігіне бір таблетка. Сіздің емдеуші дәрігеріңіз препаратты қабылдау режимін өзгертуі мүмкін (мысалы, егер Сізде бүйрек функциясының бұзылуы анықталса).

Қолдану тәсілі

Ішке, қолайлысы таңертең, тамақтанар алдында. Таблетканы сумен іше отырып, тұтастай жұту керек.

Қолдану ұзақтығы

Артериялық гипертензияны емдеуге арналған препараттарды үнемі қабылдау керек.

Егер Сіз Нолипрел® Аргинин препаратын қажет болғаннан артық қабылдаған болсаңыз

Егер Сіз тым көп таблетка қабылдаған болсаңыз, дереу емдеуші дәрігерге хабарлаңыз немесе жақын жердегі жедел жәрдем бөлімімен байланысыңыз. Артық дозаланған жағдайда ең ықтимал симптом - артериялық қысымның төмендеуі. Егер Сізде артериялық қысым күрт төмендеген болса (жүрек айну, құсу, бұлшықеттің түйілуі, бас айналу, ұйқышылдық, сананың шатасуы, бүйрек шығаратын несеп көлемінің өзгеруі), көлденеңнен жатып, аяғыңызды көтеріңіз. Бұл Сіздің жағдайыңызды жақсартпа алады.

Егер Сіз Нолипрел® Аргинин препаратын қабылдауды ұмытып кетсеңіз

Препаратты күн сайын қабылдау маңызды, өйткені қабылдаудың жүйелілігі емдеуді тиімдірек етеді. Алайда, егер Сіз Нолипрел® Аргинин препаратының келесі дозасын қабылдауды ұмытып кетсеңіз, келесі дозасын қалыпты уақытта қабылдаңыз. Өткізіп алған дозаны толтыру үшін Нолипрел® Аргинин препаратының екі еселенген дозасын қабылдамаңыз.

Егер сіз Нолипрел® Аргинин препаратын қабылдауды тоқтатқан болсаңыз

Артериялық қысымның жоғарылауын емдеу әдетте үнемі жүргізілетіндіктен, емдеуші дәрігермен алдын ала талқылаусыз Нолипрел® Аргинин препаратын қабылдауды тоқтатпаңыз.

Егер Нолипрел® Аргинин препаратын қолдану бойынша сұрақтар болғанда, емдеуші дәрігерге немесе дәріхана қызметкеріне хабарласыңыз.

4. Ықтимал жағымсыз реакциялар

Барлық дәрілік препараттар сияқты, Нолипрел® Аргинин препараты жағымсыз реакциялар туғызуы мүмкін, алайда олар барлығында бола бермейді.

Нолипрел® Аргинин препаратын қабылдауды тоқтатыңыз және мынадай күрделі жағымсыз реакциялардың бірі туындаған жағдайда дереу медициналық көмекке жүгініңіз:

- төмен артериялық қысымнан туындаған қатты бас айналу немесе сананың жоғалуы (жиі – 10 адамның көп дегенде 1-нде туындауы мүмкін),
- бронх түйілуі (кеудедегі қысу сезімі, ысылдап тыныс алу және ентігу) (жиі емес – 100 адамның көп дегенде 1-нде туындауы мүмкін),
- беттің, еріннің, ауыздың, тілдің немесе тамақтың ісінуі, тыныс алудың қиындауы (ангионевроздық ісіну) (2 бөлім «Айрықша нұсқаулар мен сақтандыру шараларын» қараңыз) (жиі емес – 100 адамның көп дегенде 1-нде туындауы мүмкін),
- көп формалы эритеманы қамтитын ауыр тері реакциялары (көбінесе бетте, қолда немесе аяқта қызыл қыштитын бөліктер пайда болғаннан басталатын тері бөртпесі) немесе қарқынды тері бөртулері, есекжем, дененің бүкіл беткейіндегі терінің қызаруы, қатты қышыну, күлдіреуіктердің пайда болуы, терінің қабыршақтануы және ісінуі, шырышты қабықтың қабынуы (Стивенс — Джонсон синдромы, уытты эпидермалық некролиз) немесе басқа аллергиялық реакциялар (өте сирек – 10 000 адамның көп дегенде 1-нде туындауы мүмкін),
- жүрек тарапынан бұзылулар (жүрек ырғағының бұзылуы (соның ішінде брадикардия, қарыншалық тахикардия, жүрекшелік фибрилляция), кернеу стенокардиясы (дене жүктемесі туындатқан кеуденің, жақтың және арқаның ауыруы), миокард инфарктісі

- (жүрек ұстамасы) (өте сирек – 10 000 адамның көп дегенде 1-нде туындауы мүмкін),
- қолдағы немесе аяқтағы әлсіздік, инсульттің белгісі болуы мүмкін сөйлеу проблемалары (өте сирек – 10000 адамның көп дегенде 1-нде туындауы мүмкін),
 - ұйқы безінің қабынуы (панкреатит), ол жай-күйдің нашарлауымен қатар жүретін іштің және арқаның қатты ауыруын тудыруы мүмкін (өте сирек – 10 000 адамның көп дегенде 1-нде туындауы мүмкін),
 - тері немесе көз ағының сарғаюы (сарғаю), бұл гепатиттің белгісі болуы мүмкін (өте сирек – 10 000 адамның көп дегенде 1-нде туындауы мүмкін),
 - өмірге қауіп төндіретін аритмия («пируэт» типті полиморфты қарыншалық тахикардия) (жиілігі белгісіз – қолда бар деректерге сүйене отырып, пайда болу жиілігін анықтау мүмкін емес),
 - бауыр функциясының бұзылуынан туындаған ми ауруы (бауыр энцефалопатиясы) (жиілігі белгісіз – қолда бар деректерге сүйене отырып, пайда болу жиілігін анықтау мүмкін емес),
 - көру қабілетінің бұзылуы (көру өрісінің ақауы бар хориоидальді жалқық, жедел миопия (кенеттен пайда болған немесе күшейген алыстан көрмеушілік), салдарлы жабық бұрышты глаукоманың жедел ұстамасы (көзішілік қысымның жедел жоғарылауы)). Бұл көру өткірлігінің кенеттен төмендеуімен немесе көздің ауырсынуымен көрінуі мүмкін (жиілігі белгісіз – қолда бар деректерге сүйене отырып, пайда болу жиілігін анықтау мүмкін емес).
 - бұлшықет әлсіздігі, құрысулар, бұлшықеттегі ауырсыну немесе ауыру, әсіресе бір мезгілде өзін нашар сезінгенде немесе температураның жоғарылауында, өйткені бұл жағдай бұлшықет тіні жасушаларының қалыптан тыс бұзылуынан туындауы мүмкін (рабдомиолиз) (жиілігі белгісіз – қолда бар деректерге сүйене отырып, пайда болу жиілігін анықтау мүмкін емес).

Пайда болу жиілігінің кему ретімен жағымсыз реакциялар келесідей болуы мүмкін:

- жиі-10 адамның көп дегенде 1-де туындауы мүмкін:

қандағы калийдің төмен деңгейі, аллергиялық және демікпелік реакцияларға бейімділігі бар пациенттердегі тері реакциялары, бас ауыруы, бас айналу, вертиго, парестезия (аяқ-қолдың шаншуын сезіну), көру қабілетінің бұзылуы, құлақтың шыңылдауы (құлақтың шуылдауын сезіну), жөтел, ентігу, ас қорыту жүйесінің бұзылуы (жүрек айну, құсу, іштің ауыруы, дисгевзия (дәм сезуінің бұрмалануы), диспепсия немесе ас қорытудың қиындауы, диарея, іш қату), аллергиялық реакциялар (мысалы, тері бөртпесі, терінің қышынуы), бұлшықеттің түйілуі, астения (шаршау сезімі);

- жиі емес - 100 адамның көп дегенде 1-де туындауы мүмкін:

көңіл-күйдің өзгеруі (көңіл-күйдің тұрақсыздығы), депрессия, ұйқының бұзылуы, есекжем, пурпура (терідегі қызыл нүктелік дақтар), пемфигиод (теріде күлдіреуіктің ошақтық түзілуі), бүйрек жеткіліксіздігі (бүйрек функциясының бұзылуы), эректильді дисфункция (импотенция – эрекцияға жетуге қабілетсіздік немесе оны ұстап тұру), терлеудің жоғарылауы (тершендік), эозинофилия (эозинофилдердің жоғарылауы (лейкоциттердің түрі)), зертханалық параметрлердің өзгеруі: гиперкалиемия (қандағы калийдің жоғары деңгейі), емді тоқтатқаннан кейін төмендейді), гипонатриемия (натрийдің төмен деңгейі), бұл сусыздануға және артериялық қысымның төмендеуіне әкелуі мүмкін; ұйқышылдық, естен тану (сананың жоғалуы), жүрек қағуын сезіну (өз жүрегінің соғуын сезіну),

қант диабетімен ауыратын пациенттерде тахикардия (жүрек қағуының жиілеуі), гипогликемия (қандағы қант деңгейі өте төмен), васкулит (қан тамырларының қабынуы), ауыз қуысы шырышты қабығының құрғауы, фотосезімталдық реакциялары (терінің күнге сезімталдығының жоғарылауы), артралгия (буынның ауыруы), миалгия (бұлшықеттің ауыруы), кеуде қуысының ауыруы, дімкәстік, шеткері ісіну, қызба, қандағы мочеви́на мен креатинин концентрациясының жоғарылауы, құлау;

- сирек - 1000 адамның көп дегенде 1-нде туындауы мүмкін:

псориаздың өршуі (ағымының нашарлауы), зертханалық параметрлердің өзгеруі: қандағы хлордың төмен деңгейі, қандағы магнийдің төмен деңгейі, «бауыр» ферменттері белсенділігінің жоғарылауы, гипербилирубинемия (қандағы билирубин концентрациясының жоғарылауы); қатты қажу; ысынулар (терінің қызаруы), несеп шығарудың төмендеуі немесе болмауы, жедел бүйрек жеткіліксіздігі.

Күнгірт несеп, жүрек айну немесе құсу, бұлшықеттің түйілуі, сананың шатасуы және құрысулар «антидиуретикалық гормонның талапқа сай емес секреция синдромы (АГЖСС)» деп аталатын жағдайдың симптомдары болуы мүмкін;

- өте сирек - 10 000 адамның көп дегенде 1-нде туындауы мүмкін:

сананың шатасуы, эозинофильді пневмония (пневмонияның сирек түрі), ринит (мұрынның бітелуі немесе тұмау), жедел бүйрек жеткіліксіздігі (бүйрек тарапынан ауыр бұзылулар); лейкоциттер мен эритроциттер санының азаюы сияқты қан тарапынан бұзылулар: агранулоцитоз, апластикалық анемия, панцитопения, лейкопения, нейтропения, гемолитикалық анемия, гемоглобиннің төмендеуі және гематокрит, тромбоцитопения (тромбоциттер санының азаюы) гиперкальциемия (қандағы кальцийдің жоғары деңгейі), бауыр функциясының бұзылуы;

- жиілігі белгісіз (қолда бар мәліметтерге сүйене отырып, туындау жиілігін анықтау мүмкін емес):

электрокардиограммадағы (ЭКГ) ауытқулар (QT аралығының ұзаруы), зертханалық параметрлердің өзгеруі: қандағы несеп қышқылы мен глюкозаның жоғарылауы (қандағы қант деңгейінің жоғарылауы); миопия (алыстан көрмеу), бұлыңғыр көру, көру қабілетінің бұзылуы, көру қабілетінің нашарлауы немесе көзішілік қысымның жоғарылауына байланысты көздің ауыруы (көздің тамырлы қабатында сұйықтық жиналуының ықтимал белгілері (хориоидальді жалқық) немесе жедел жабық бұрышты глаукома), Рейно синдромы (тері түсінің өзгеруі, аяқ пен қол саусақтарының ұюы және ауыруы). Егер Сізде жүйелі қызыл жегі болса (дәнекер тін ауруының түрі), Сіздің жағдайыңыз нашарлауы мүмкін.

Қан, бүйрек, бауыр немесе ұйқы безі тарапынан бұзылулар және зертханалық параметрлердің өзгеруі (қан талдауында) туындауы мүмкін. Сіздің емдеуші дәрігеріңіз Сіздің жағдайыңызды бақылау үшін қан талдауын жасауды тағайындауы мүмкін.

Жағымсыз реакциялар туралы хабарлама

Егер сізде жағымсыз реакциялар болса, емдеуші дәрігермен немесе дәріхана қызметкерімен кеңесіңіз. Оларға қосымша парақта көрсетілмеген кез келген жағымсыз реакциялар да жатады. Сіз сондай-ақ дәрілік препараттың жағымсыз реакциялар туралы тікелей хабарлай аласыз (төменнен қараңыз). Жағымсыз реакциялар туралы хабарлай

отырып, Сіз препараттың қауіпсіздігі туралы көбірек ақпарат алуға көмектесесіз.

Ресей Федерациясы

Денсаулық сақтау саласындағы федералды қадағалау қызметі
(Росздравнадзор) 109012, Мәскеу қ., Славянская алаңы, 4-үй, 1-күр.

Тел: +7 (800) 550 99 03

Эл. пошта: pharm@roszdravnadzor.gov.ru

<http://roszdravnadzor.gov.ru>

Армения Республикасы

«Академик Э. Габриелян ат. Дәрілер және медициналық технологияларды сараптау ғылыми орталығы» ЖТАҚ

0051, Ереван қ., Комитас даңғ., 49/5

Тел.: +374 (60) 83 00 73, +374 (10) 23 08 96, +374 (10) 23 16 82

Дәрілер қауіпсіздігі мониторингі бөлімінің жедел желі телефоны: +374 (10) 20 05 05,
+374 (96) 22 05 05

Эл.пошта: admin@pharm.am, vigilance@pharm.am

<http://pharm.am>

Беларусь Республикасы

«Денсаулық сақтаудағы сараптамалар мен сынақтар орталығы» УК 220037, Минск қ., Товарищеский тұйық көш., 2а үй.

Тел.: +375 (17) 231 85 14

Факс.: +375 (17) 252 53 58

Фармакологиялық қадағалау бөлімінің телефоны:

+375 (17)242 00 29

Эл. пошта: rcpl@rceth.by, rceth@rceth.by

<http://www.rceth.by>

Қазақстан Республикасы

Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі Медициналық және фармацевтикалық бақылау комитетінің «Дәрілік заттар мен медициналық бұйымдарды сараптау ұлттық орталығы» ШЖҚ РМК

010000, Астана қ., Байқоңыр ауданы, А. Иманов көш., 13 («Нұрсәулет 2»

БО) Тел.: +7 (717) 278 99 11

Эл. пошта: farm@dari.kz

<http://www.ndda.kz>

Қырғыз Республикасы

Қырғыз Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі жанындағы «Дәрілермен және және медициналық бұйымдармен қамтамасыз ету департаменті»

720044, Бішкек қ., 3-я Линия көш.,

25 Тел.: +996 (312) 21 92 78

Эл. пошта: dlsmi@pharm.kg

<http://pharm.kg>

5. Нолипрел® Аргинин препаратын сақтау

Препаратты баланың қолы жетпейтін, бала оны көре алмайтын жерде сақтаңыз.

Құтыда және картон қорапшасында көрсетілген жарамдылық мерзімі (сақтау мерзімі) өткен соң, «... дейін жарамды» деген күннен кейін препаратты қолданбаңыз. Жарамдылық

мерзімінің өтетін күні осы айдың соңғы күні болып табылады.

30 °C-ден аспайтын температурада сақтау керек.

Препаратты кәрізге немесе тұрмыстық қалдықтармен бірге тастамаңыз. Дәріхана қызметкерінен енді қажет болмайтын препаратты қалай утилизациялау (жою) керектігін нақтылып сұрап алыңыз. Бұл шаралар қоршаған ортаны қорғауға мүмкіндік береді.

6. Қаптаманың ішіндегісі және өзге де мәліметтер

Нолипрел® Аргинин препаратының құрамында

Әсер етуші заттар - индапамид және периндоприл.

Үлбірлі қабықпен қапталған әрбір таблеткада 0,625 мг индапамид және 2,5 мг аргинин периндоприлі бар (1,6975 мг периндоприл негізіне сәйкес келеді).

Басқа да ингредиенттер (қосымша заттар) лактоза моногидраты, магний стеараты, мальтодекстрин, сусыз коллоидты кремнийдің қостотығы, натрий карбоксиметилкрахмалы (А типі) глицерол, гипромеллоза, макрогол 6000, магний стеараты, титанның қостотығы (Е171) болып табылады.

Нолипрел® Аргинин препаратының сыртқы түрі және қаптаманың ішіндегісі

Үлбірлі қабықпен қапталған таблеткалар.

Препарат ақ түсті, екі жағында сызығы бар үлбірлі қабықпен қапталған ұзынша таблеткалар болып келеді. Сындыру сызығы таблетканы бөлуге арналмаған.

«Лаборатории Сервье Индастри», Франция өндірісінде:

14 немесе 30 таблеткадан дозатормен және құрамында ылғал сіңіретін гель бар тығынмен жабдықталған полипропиленнен жасалған құтыда.

1 құтыдан (14 немесе 30 таблеткадан) қосымша парақпен алғашқы ашылуы бақыланатын картон қорапшада.

Стационарларға арналған қаптама:

30 таблеткадан дозатормен және құрамында ылғал сіңіретін гель бар тығынмен жабдықталған полипропиленнен жасалған құтыда.

3 құтыдан (30 таблеткадан) қосымша парақтың бірдей санымен алғашқы ашылуы бақыланатын картон қорапшада.

«Лаборатории Сервье Индастри», Франция өндірісінде және «СЕРВЬЕ РУС» ЖШҚ, Ресей өлішен-орау/қаптауда:

14 немесе 30 таблеткадан дозатормен және құрамында ылғал сіңіретін гель бар тығынмен жабдықталған полипропиленнен жасалған құтыда.

1 құтыдан (14 немесе 30 таблеткадан) қосымша парақпен алғашқы ашылуы бақыланатын картон қорапшада.

Стационарларға арналған қаптама:

30 таблеткадан дозатормен және құрамында ылғал сіңіретін гель бар тығынмен жабдықталған полипропиленнен жасалған құтыда.

3 құтыдан (30 таблеткадан) қосымша парақтың бірдей санымен алғашқы ашылуы бақыланатын картон қорапшада.

«СЕРВЬЕ РУС» ЖШҚ, Ресей өндірісінде:

14, 29 немесе 30 таблеткадан дозатормен және құрамында ылғал сіңіретін гель бар тығынмен жабдықталған полипропиленнен жасалған құтыда.

1 құтыдан (14, 29 немесе 30 таблеткадан) қосымша парақпен алғашқы ашылуы бақыланатын картон қорапшада.

Стационарларға арналған қаптама:

30 таблеткадан дозатормен және құрамында ылғал сіңіретін гель бар тығынмен жабдықталған полипропиленнен жасалған құтыда.

3 құтыдан (30 таблеткадан) қосымша парақтың бірдей санымен алғашқы ашылуы бақыланатын картон қорапшада.

«Лаборатории Сервье Индастри», Франция өндірісінде және «Сервье (Ирландия) Индастриз Лтд», Ирландия өлшеп-орау/қаптауда:

30 таблеткадан дозатормен және құрамында ылғал сіңіретін гель бар тығынмен жабдықталған полипропиленнен жасалған құтыда.

1 құтыдан (30 таблеткадан) қосымша парақпен алғашқы ашылуы бақыланатын картон қорапшада.

Стационарларға арналған қаптама:

30 таблеткадан дозатормен және құрамында ылғал сіңіретін гель бар тығынмен жабдықталған полипропиленнен жасалған құтыда.

3 құтыдан (30 таблеткадан) қосымша парақтың бірдей санымен алғашқы ашылуы бақыланатын картон қорапшада.

Тіркеу куәлігінің ұстаушысы

«Лаборатории Сервье» / Les Laboratoires Servier

92284 Франция, Сюрен Седекс, Карно көш., 50/

50, rue Carnot, 92284 Suresnes Cedex, France

Өндіруші

«СЕРВЬЕ РУС» ЖШҚ

108828 Ресей, Мәскеу қ., Краснопахорск елді мекені, 158 квартал, 2 иелік, 1 құр. немесе

«Лаборатории Сервье Индастри»/Les Laboratoires Servier Industrie

905, Саран тас жолы, 45520 Жиди, Франция/905, route de Saran, 45520 Gidy, France

немесе

«Сервье (Ирландия) Индастриз Лтд»/Servier (Ireland)

Industries Ltd Уиклоу Графтығы, Арклоу, Гори роуд, Манилендс, Y14 E284, Ирландия/ Co. Wicklow, Arklow, Gorey Road, Moneylands, Y14 E284, Ireland

Препарат туралы кез келген ақпарат алу үшін тіркеу куәлігі ұстаушысының жергілікті өкіліне жүгінген жөн:

Ресей Федерациясы

«Сервье» АҚ

Мекенжайы: 125196, Мәскеу қ., Лесная көш., 7 үй,

7/8/9 қабат

Тел.: +7 (495) 937 07 00

Факс: +7 (495) 937 07 01

Эл. пошта: servier.russia@servier.com

Армения Республикасы

«Лаборатории Сервье» өкілдігі

Мекенжайы: 0002, Ереван қ., Амирян көшесі, 15, 100 дүкен,

Кентрон Тел.: +374 (10) 50 50 74

Эл. пошта: mariam.antonyan@servier.com

Беларусь Республикасы

"Les Laboratoires Servier" УАҚ (Француз Республикасы) Беларусь

Республикасындағы өкілдігі

Мекенжайы: 220030, Минск қ., Мясников к-сі, 70, 303 кеңсе

Тел.: +375 (17) 306 54 55/56

Эл. пошта: officeBY@servier.com

Қазақстан Республикасы және Қырғыз Республикасы

«Сервье Казахстан» ЖШС

Мекенжайы: 050020, Алматы қ., Достық даңғ. 310Г

Тел.: +7 (727) 386 76 62

Эл. пошта: kazadinfo@servier.com

Қосымша парақ қайта қаралды

Басқа ақпарат көздері

Препарат туралы толық мәліметтер Одақтың веб-сайтында бар <http://ees.eaeunion.org>.

Қосымша парақ Одақтың веб-сайтында Одақтың барлық тілдерінде қолжетімді.

Дата утверждения 18.02.2025